



Исх.№ 1-22/1 от 10.01 2022 г.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевқа

ҮНДЕУ

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

«Қазақстан Еңбек Конфедерациясы» (ары қарай – Конфедерация) республикалық кәсіподақтар бірлестігі қайғылы оқиғалар салдарынан содырлар мен террористердің қолынан қаза тапқандардың отбасыларына шын жүректен көңіл айтады. Конфедерация тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауды жақтай отырып, елге залал келтірген және қоғамға іріткі салуға ұмтылған деструктивті күштерді қатаң айыптайды.

Қазіргі ел үшін қиын кезеңде қоғам ел Президентінің айналасына шоғырлануы тиіс, азаматтық қоғамның көптеген институттарының бірі (өз қатарында 1 миллионға жуық мүшесі бар) Конфедерация Сізді – Мемлекет басшысын қолдауды өзінің парызы деп санайды.

Біз туындаған проблемаларды еңсеру үшін әлеуметтік серіктестермен жұмыс істеуге және әлеуметтік-экономикалық реформаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға өз үлесімізді қосуға дайынбыз.

Туындаған проблемалардың себептерінің бірі бұрынғы үкіметтің әлеуметтік блогының, ең алдымен, 2021-2023 жылдарға арналған Бас келісімді іске асыру бөлігіндегі әрекетсіздігі болып табылады. Ұлттық деңгейдегі осы құқықтық актінің бірқатар негізгі ережелері мен тармақтарының ішінара жүзеге асырылуының өзі проблемаларды азайтып, халыққа өмір сүру деңгейін жақсартуға үміт берер еді.

Конфедерация Үкіметке өзекті мәселелер бойынша нақты ұсыныстар енгізген:

- «Ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» ХЕҰ № 131 Конвенциясын ратификациялауға дайындау (1-қосымша);

- өзінің жарғылық қызметін атқара алмаған әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияны реформалау (2-қосымша);

- қажеттілігі барынша жоғары өзектендірілген әлеуметтік әріптестік туралы заңды әзірлеу (3-қосымша);

- Қазақстан Республикасында еңбекке ақы төлеу жүйесін біріздендіру (4-қосымша);

- Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарында лайықты еңбек жағдайларының болмау себептерін, сондай-ақ көпұлтты кәсіпорындарда еңбек жағдайларының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуін кешенді зерделеу үшін кәсіподақтар өкілдерінің қатысуымен мемлекеттік комиссия құру (5-қосымша).

Өкінішке орай, бұл ұсыныстарымызға тиісті реакция болмады және біздің күш-жігеріміз нәтижесіз қалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамына «Қазақстан еңбек конфедерациясының» ұсыныстарын мұқият зерделеуді және оларды әлеуметтік әріптестермен мүдделі талқылауға кірісуді тапсыруыңызды сұраймыз.

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Конфедерация еңбекшілер көтерген мәселелердің тиімді шешілуі айтарлықтай дәрежеде еңбек адамының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі кең мандаты бар кәсіптік одақтардың кемелденуіне байланысты екендігіне сенімді және біздің қоғамның барлық прогрессивті институттарымен белсенді ынтымақтастыққа дайын екендіктерін мәлімдейді.

Қосымша 98 (тоқсан сегіз) бетте.

Атқару Комитеті атынан
«Қазақстан Еңбек Конфедерациясы»
республикалық кәсіподақтар
бірлестігінің Бас хатшысы



М. Машкенов

Орындаушы:

Бақытжан Тәжібай, тел. 87015440289,

e-mail: prof@zdravunion.kz